**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 01.09.2022ж-02.09.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | - | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:** айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді үйрету.<br>**Ойын «Қуыршақпен танысамыз»**<br>**Мақсаты:** балаларға күнделікті өмірде жиі кездесетін сөздерді айтып жаттықтыру.<br>Бір-біріне деген ілтипатқа баулу, (Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! Рақмет! т.б.)<br>сөздерін дұрыс айту.<br>**Ойынның шарты:** әрбір бала ортаға шығып, қуыршақты қолына ұстап тұрып, «Сәлеметсіз бе!» – деп амандасады және өздерінің есімін, жасын, тегін атап, қуыршақпен танысады. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 05.09.2022ж-09.09.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>өзі және отбасы туралы айту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын «Өзім және отбасым»**<br>**Мақсаты:** өзі туралы 2-3 сөйлеммен айта білуді үйрету, отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, отбасындағы сыйластыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы**: мұғалім балаларға «Өзім және отбасым» ойынын ойнауды ұсынады. Рөлдер өз қалауы бойынша бөлінеді. Отбасы өте үлкен, әжесінің туған күні болады. Барлығы мерекені ұйымдастыруға тырысады. Кейбір отбасы мүшелері азық-түлік сатып алады, басқалары мерекелік түскі ас дайындайды, дастархан | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Диалогке қатысуды дамыту.<br>**Дидактикалық ойын: «Жылы лебіз»**<br>**Мақсаты:** ойын арқылы балалардың пікірін тыңдау, диалогке тарту, сөздік қорын молайту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Балаларға отбасы мүшелерінің суреттері беріледі, балалар отбасы мүшелеріне мейірімді сөздер (мейірімді, ақылды, жақсы, әдемі, көрікті, рақмет) айтып жарысады.<br>Көп сөз айтқан бала мадақталады. |

| | | |
|---|---|---|
| | жаяды, ал басқалары ойын-сауық бағдарламасын дайындайды. Ойын барысында мерекеге келген отбасы мүшелері қздерін таныстырады. | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 12.09.2022ж-16.09.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Қазақ тіліне тән Ә дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын: «Дыбыстар әлеміне саяхат»**<br>**Мақсаты:** балалардың тілдік және артикуляциялық аппаратын дамыту, таза дикцияны дамыту, дыбыстармен таныстыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Педагог балаларға компьютердің көмегімен Ә дыбысымен таныстырып, дыбысталуын тыңдатады. Балалар үнтаспадан дыбысты тыңдап, қайталап атайды.<br>Дыбыстық жаттығулар жасайды. | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:** Ә дыбысы бар сөздерді айтып, жаттықтыру.<br>**Дыбыстық жаттығулар:**<br>Ә-ә-әже<br>Ә-ә-әке<br>Ә-ә-ә-ән<br>Сән-сән<br>Ә-ә-әліппе<br>Ә-ә-әдемі<br>Балалар мұғалімнен кейін бірнеше рет қайталап, жаттығады |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 19.09.2022ж-23.09.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:** айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді үйрету.<br>**Ойын «Ғажайып сөздер топтамасы»**<br>**Мақсаты:** балаларға күнделікті өмірде жиі кездесетін сөздерді айтып жаттықтыру.<br>Бір-біріне деген ілтипатқа баулу, (Кешіріңіз, өтінемін, Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! Рақмет! алыңыз, беріңіз т.б.) сөздерін дұрыс айту.<br>**Ойынның шарты:** балалар бір-бірімен амандасады және өздерінің есімін, жасын, тегін атап, ғажайып сөздерді айтып, жаттығады. | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:** санамақ жаттап үйрету, сандарды қайталау.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым - атам,<br>Балан үйрек - апам,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде - бесеуміз. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 26.09.2022ж-30.09.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:** сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді үйрету.<br>**Ойын: «Сымсыз телефон»**<br>**Мақсаты:** естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогті, сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.<br>Көрнекілік: телефон.<br>Ойын шарты: балалар телефон арқылы естіген сөзді басқа балаға жеткізеді. Айтылған сөзді құлаққа ешкім естімейтіндей етіп айтулары керек.<br>Егер телефон үзіліп қалса, телефонды үзген бала айыбын төлейді. (Мысалы: мақал, өлең, т.б. білгенін айтуға болады). | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:** шағын тақпақтарды жатқа айтуды меңгерту.<br><br>"Отан" Е. Өтетілеуов.<br>Отан деген - атамекен,<br>Отан деген -туған жер,<br>Отан - ана,<br>Отан - үлкен,<br>Қазақстан -туған ел. |

| | | |
|---|---|---|
| | Телефон арқылы екі бала сөйлеседі:<br>Алло! Сәлеметсің бе, Меруерт?<br>Иә, Сәлеметсің бе, Илья?<br>Бұл кім екен?<br>Не істеп жатырсың?<br>Қашан келесің?<br>Қайда барасың? | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 03.10.2022ж - 07.10.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:** 10-ға дейін дұрыс санауды жаттықтыру.<br>**Ойын**: «Жұмыртқа жинау»<br>**Мақсаты:** 10-ға дейін тура санап жаттықтыру.<br>**Ойынның шарты:** Балалар көрнекіліктердің көмегімен жұмыртқаны санап, жинайды. Кім жылдам, әрі дұрыс санаса сол бала жеңімпаз атанады. | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:** қазақ тіліне тән Ө дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын: «Дыбысты тап» (сурет бойынша)**<br>**Мақсаты:** тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.<br>**Ойынның шарты:** балалар берілген сурет бойынша мұғалімнің «ұмытып» қалған дыбысын атайды. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 10.10.2022ж -14.10.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Бұл кім? сұрағына жауап беруді меңгерту. (ата, әже, әке, бала, оқушы, дәрігер, мұғалім т.б.)<br>**Ойын**: «Танып ал да, атын ата»<br>**Мақсаты:** балаларға берілген суреттер арқылы Бұл кім? сұрағына жауап беруді меңгерту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Балалар мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап береді, таныс сөздерді атайды. | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Заттың атын білдіретін сөздердің мағынасын түсіндіру.<br>**Кім?** Бала, мұғалім, дәрігер.<br>**Не?** Машина, доп, орындық.<br>**Ойын:** «Кім көп сөз біледі?»<br>**Мақсаты:** балаларға мұғалімнің көмегімен заттың атын білдіретін сөздерді қайталап айтқызып, жаттықтыру.<br>Ойын шарты:<br>Балалар назарын берілген суретке аудару.<br>Бөлмемізде **не** бар? (үстел, шкаф, орындық, кілем т. б - бұлар заттар.<br>Бөлмеде **кім** бар? Мұғалім, балалар - бұлар адамның атын білдіретін сөздер.<br>Ойынға белсене қатысқан балалар мадақталады. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 17.10.2022ж-21.10.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>10-ға дейін тура санауды жаттықтыру.<br>**Санамақ**<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш.<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау – ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон.<br>Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста. | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:** қазақ тіліне тән Ө дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын: «Көңілді дыбыстар» (сурет бойынша)**<br>**Мақсаты:** тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.<br>**Ойынның шарты:** балалар берілген сурет бойынша мұғалімнің көмегімен жаңа дыбысты атайды, ө дыбысына қатысты сөздермен жаттығулар жүргізіледі.<br>Тақпақ.<br>«Ө»- дегенім, Өрік<br>Өрікті ал теріп!<br>Өзің ғана жемей,<br>Өркенге бер бөліп, |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 24.10.2022ж - 28.10.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Заттың атын білдіретін сөздердің мағынасын түсіндіру.<br>**Ойын: «Ғажайып қоржын»**<br>**Мақсаты**: балалардың сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойынның шарты:** балалар ғажайып қоржыннан шыққан суреттерді қарап, Бұл кім? Бұл не? сұрағына жауап береді. | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>10-ға дейін тура санауды жаттықтыру.<br>**Санамақ**<br>Алдында үш балапан,<br>Артында үш балапан.<br>Ақ тауық пен балапан<br>Айтшы санын, балақан.<br>(Сегіз)<br>Қолға қалам алайын,<br>Қанша сан бар жазайық.<br>Қарап тұрмай, сандарды<br>Қайта-қайта санайық. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 07.11.2022ж-11.11.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Бұл не? сұрағына жауап беруді меңгерту.<br>**Ойын:** «Орнын тап»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>«Бұл не?» сұрағына жауап беруге жаттықтыру.<br>**Ойын шарты**:<br>Балалар бөлме ішіндегі заттарды атап шығады, бірнеше рет қайталап дағдыланады. | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді айтуды меңгерту.<br><br>**Ойын:** «Балабақша»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құрал-жабдықтарды атап, «Бұл не?» сұрағына жауап беруге жаттықтыру.<br>**Ойын шарты**:<br>тәрбиеші, аспаз, дәрігерге қажетті заттарды табады, атайды, бірнеше рет қайталап дағдыланады.<br>Мысалы: тәрбиешіге- қалам, сызғыш, дәптер, аспазға – қасық, пышақ т.б. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 14.11.2022ж-18.11.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойын:** «Үй жануарлары»<br>**Мақсаты:** балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>Көрнекілік: үй жануарлары- ның, төлдердің суреттері.<br>**Ойын шарты:**<br>балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі.<br>Олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтуге болатынын айтқызады.<br>Сонымен бірге олардың дене мүшелерін де ататып,үй жануарлары | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Қазақ тіліне тән Қ дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын:** «Көңілді дыбыстар»<br>**Мақсаты:** балаларды Қ дыбысымен таныстыру.<br>**Ойын шарты:**<br>балалар компьютердің көмегі арқылы Қ дыбысының айтылуын тыңдайды және мұғалімнің көмегімен бірнеше рет қайталайды.<br>**Буындарда машықтандыру.**<br>Қа –қа – қа<br>құ- құ- құ<br>қу- қу- қу<br>Ақ- ақ -ақ<br>оқ- оқ- оқ<br>ық- ық-ық<br><br>**Қ дыбысына сөздер айтып үйренеміз:**<br>қызыл, қазан, қоржын, қақпа, қабақ, қасқыр, қонақ, |

| | | |
|---|---|---|
| | туралы балалардың білетін жұмбақтарын шешкізеді.<br>Неге үй жануарлары?- деп<br>аталатының айтқызады.<br>Қой атасын не дейміз?...<br>Түйе атасын не дейміз?<br>Сиыр атасын не дейміз?<br>Жылқы атасын не дейміз? | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 21.11.2022ж-25.11.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Бұл не? сұрағына жауап беруді меңгерту.<br>**Ойын:** «Сөйлемді жалғастыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту, тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын шарты**:<br>Балалар мнемокесте арқылы жай сөйлем құрайды.<br>-Бұл не?<br>– Бұл-кілем. Әдемі кілем.<br>-Бұл–доп. Доп – дөңгелек.<br>-Балалар доп ойнады.<br>-Балалар көңілді.<br>-Бұл-шар. Қызыл шар. Сары шар. Жасыл шар. Шар әдемі. | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді айтуды меңгерту.<br>Ойын: **«Қадамдар» (Кім тез жетеді)**<br>**Мақсаты:** тіл байлығын, сөйлеу тілін жетілдіру.<br>**Шарты:** балалар бір қатарға тұрып, мәренің қашықтығын белгілейді. (мәреге дейін 5 қадам)<br>**Ойын шарты:**<br>Әр бала мәреге дейін күнделікті өмірде жиі кездесетін, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді айтса ғана қадам жасай алады.<br>Мысалы: сәлемдесу, қоштасу үлгілері, өзін таныстыру, рақмет айту, "Мейірімді сөздер", "Анаға арналған жылы сөздер", және т.б.<br>Көп сөз білген балалар жеңімпаз атанып, мадақталады. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№6 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 28.11.2022ж-02.12.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
| --- | --- | --- |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:** Жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойын:** «Жайлауда»<br>**Мақсаты:** Балалардың әңгіме құрау, ойлау қабілетін дамыту. Жануарлардың атауларын айту арқылы тілдерін дамыту.<br>**Көрнекіліктер:** киіз үйдің макеті, жайлау көрінісі, жануарлардың суреттері.<br>**Ойын шарты:** балалар жайлауда тұратын ата-әжелеріне қонаққа барады. Жайлауда жайылып жүрген үй жануарларымен танысады, ата-әжелерінің сұрақтарына жауап береді. Жануарларды атайды, адамға әкелетін пайдасы туралы айтады. | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:** Қазақ тіліне тән Қ дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын:** **«Суретті жұмбақтар»**<br>**Мақсаты:** логикалық ойлау қабілетін, сөдік қорын дамыту.<br>**Ойын шарты:** мұғалім қораптан әртүрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, балаларға көрсетеді. Балалар суреттерде не бейнеленгенін тауып, өз жауаптарын айтады. (қарбыз, қасқыр, қуыршақ т.б.)<br>Дұрыс жауапты айтқан балалар жеңіске жетеді. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 05.12.2022ж-09.12.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ойын: «Затты сипаттау»**<br>**Мақсаты:**<br>Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын байыту, жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру.<br>**Көрнекіліктер:** ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.<br>**Ойын шарты:** әр түрлі жемістер немесе көкөністер<br>суретті муляждары салын ған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап,түр-түсін ажыратады және қасиетте рін айтады, жай сөйлеммен жауап береді. | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Заттың сынын білдіретін сөздердің мағынасын түсіндіру.<br>**Ойын: «Жемістер бағында»**<br>**Мақсаты:**<br>заттың түсін, пішінін білдіретін сөздерге Қандай? Қай? сұрағын<br>қойып, оған жауап беруді меңгерту.<br>**Көрнекіліктер:** жемістердің суреттері, муляж.<br>**Ойынның шарты:**<br>балалар алма бағына саяхатқа барады. Алдын ала дайындалған алма ағаштарынан жемістерді үзіп алып, оларды сипаттайды.<br>Бұл не? – Бұл-алма.<br>Түсі қандай? – Қызыл алма.<br>Сары алма. Жасыл алмұрт.<br>Жасыл жүзім. Қызыл жүзім.<br>Тәтті алма. Дөңгелек алма.<br>Жинаған жемістерін санайды. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 12.12.2022ж-16.12.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Қазақ тіліне тән Ү дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын:** «Сөз ойла, тез ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын, сөйлеу тілін жетілдіру.<br>**Көрнекіліктер:** табиғат көрінісі туралы суреттер, кеспе әріптер, үй, үйрек, үкі, үш санының суреттері.<br>**Ойынның шарты:** Балалар берілген көрнекіліктер арқылы сөз ойлап, заттарды атайды. Сөздердің қандай дыбыстан басталатынын атаулары тиіс. Таяқшалардан ү әрпін құрастырады және атайды.<br>**Дыбыстық жаттығулар:**<br>Ү-ү-ү-үкі<br>Ү-ү-ү-үйрек<br>Ү-ү-ү-үй<br>**Жаңылтпаш жаттайық:** | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Ойыншықтарды сипаттау дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Ойын:** «Көңілді доп»<br>**Ойынның мақсаты:** ойыншықтардың, түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру, сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Қажетті құралдар:** қуыршақ, доп, әр түрлі ойыншықтар.<br>**Ойын шарты:** балалар ойын алаңына барады. Онда олар өздері қызыға ойнайтын әртүрлі ойыншықтарымен кездеседі.<br>Сол ойыншықтары жайлы әңгіме құрайды.<br>Менде қуыршақ бар. Оның аты – Көркемай. Қуыршақ әдемі. Оның шашы, басы, көзі, аяғы, қолы бар.<br>- Қандай қуыршақ?<br>- Әдемі қуыршақ.<br>- Қандай доп?<br>- Дөңгелек доп.<br>- Көк доп. Жасыл доп. Сары доп. |

| | | |
|---|---|---|
| | Үйге кіріп киім ілді,<br>Сыртта шешіп, үйде киді,<br>Бірін тастап, бірін киді. | **Тақпақ жаттайық:**<br>Добым, добым, домалақ,<br>Қайда кеттің домалап.<br>Қызыл, жасыл, сары, көк<br>Ойнайтын сенімен бала көп. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 19.12.2022ж-23.12.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ойын:** «Орамал тастамақ»<br>**Мақсаты:** ұлттық ойындар арқылы өз ұлтының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтеу, төл ойындар арқылы білім деңгейін көтеру.<br>**Қажетті құралдар:** орамал, мазмұнды суреттер.<br>**Ойын шарты:**<br>балалар тең екі топқа бөлінеді де, екі сызықтың бойына қарама-қарсы қатарласа тұрады. Педагог қолындағы орамалын бірінші топтың өз жағындағы шеткі ойыншыға береді де, берілген суретте не бейнеленгенін сұрайды. Орамалды қағып алған бала жай сөйлеммен жауап беруі тиіс. (мысалы: Мынау-аю. Аю отыр. Мынау-қуыршақ. Қуыршақ әдемі. Жаңбыр | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Заттың сынын білдіретін сөздердің мағынасын түсіндіру.<br>**Ойын:**<br>**«Суретті жұмбақтар»**<br>**Мақсаты:** логикалық ойлау қабілетін, сөдік қорын дамыту.<br>**Қажетті құралдар**: қоржын, суреттер, карточкалар.<br>**Ойын шарты:** мұғалім қоржыннан әртүрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, балаларға көрсетеді. Балалар суреттерде не бейнеленгенін тауып, өз жауаптарын айтады, заттың сынын білдіретін сөздерді атаулары тиіс. (қарбыз, қасқыр, қуыршақ т.б.)<br>Дәмді қарбыз. Әдемі қуыршақ. Сұр қасқыр.<br>Дұрыс жауапты айтқан балалар жеңіске жетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | жауды. Мектепке бардым.) Жауап берген соң, ол орамалды өзінің қарсыласына тастайды, ол да қағып алып, суретте не бейнеленгенін атауы тиіс. Осылайша ойын жалғаса береді, мүдірмей жауап берген балалар мадақталады. | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 26.12.2022ж-30.12.2022ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Қазақ тіліне тән Ү дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Ертегі тыңдаймыз:** «Ү дыбысы туралы ертегі»<br>Ү дыбысы басқа дыбыстардан ерекшеленгісі келіп, орманда өмір сүрмекші болыпты. Орманға жақындай келе ағаш басында жылап отырған кішкентай үкінің баласын көріпті. Кішкентай үкі анасынан адасып, таба алмай қалған екен. Қанеки, балалар, бәріміз кішкентай үкіге көмектесейік, ол үшін ү дыбысы кездесетін сөздерді бірнеше рет қайталап айтайық. Балалар кішкентай үкіге көмектеседі. Осы оқиғадан кейін Ү дыбысы тек достармен бірге жүру керек екенін, адамдарға көмек көрсету керек екенін түсініп басқа | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:**<br>Қазақ тіліне тән Ү дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру.<br><br>**Шағын тақпақтар жаттау.**<br><br>1.Күндей болып күліңдер,<br>Гүлдей болып жайнаңдар.<br>Үлкендерді қуантып,<br>Бұлбұл болып сайраңдар.<br><br>2. Күнде, күнде шынықсаң,<br>Күшті бала боласың.<br><br>3. Жүсіп жүзім жинады,<br>Үзіп-үзіп бір-бірден.<br>«Апарамын үйге» - деп<br>Қуанады күлімдеп. |

| | | |
|---|---|---|
| | әріптерге барып қосылыпты.<br>**Дыбыстық жаттығулар:**<br>Кі-кі-кі-түлкі<br>Ү-Ү-Ү-үкі<br>Пі-пі-пі-кірпі | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 09.01.2023ж-13.01.2023ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:** Заттың қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіндіру.<br>**Ойын «Ойлан, тап»**<br>**Мақсаты:** балаларға заттың қимылын білдіретін сөздердің мағынасын айтып түсіндіру, сөздерді айтып жаттықтыру. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойынның шарты:** балаларға бірнеше суреттер жиынтығы беріледі. Суреттерде (торғай, доп, жаңбыр, күн, балалар, көбелек т.б.) іс-қимылдары бейнеленген.<br>Балалар сурет арқылы Не істеді? Қайтті? сұрақтарына өздігінен жауап беруге тырысуы керек. Көп сөйлем құраған бала жеңімпаз атанады. | **Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті:** 10-ға дейін кері санауды жаттықтыру.<br>**«Санамақ»**<br>Бір- таңертең тұр. Екі- шынығып бекі. Үш- тазала тіс. Төрт- сабындап жу бет. Бес- сүртін тез. Алты – үйді жина жалпы. Жеті- киін енді. Сегіз- асыңды жеп, іш. Тоғыз- ыдысты жу тегіс. Он- сабақ оқы. Бұл санамақ жаңа. Күнде өстіп сана.<br>**Санамақ**<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш.<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау – ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон.<br>Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста. |

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** «№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 16.01.2023ж-20.01.2023ж
Қазақ тілі мұғалімі: Өміржанқызы Ф.

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі |
|---|---|---|
